



**ПСИХОМЕТРИЯЛЫҚ ТЕСТІЛЕУ ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЕМТИХАН ТАПСЫРУ КЕЗІНДЕГІ
ТАЛАПКЕРЛЕРДІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Алматы қаласы ҚДСБ ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжі» КМК
түсушілер (талапкерлер) үшін
**ПСИХОМЕТРИЯЛЫҚ ТЕСТІЛЕУ ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЕМТИХАН ТАПСЫРУ
КЕЗІНДЕГІ ТАЛАПКЕРЛЕРДІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ережелер Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «Жоғары медициналық колледжі» КМК-не (бұдан әрі – Колледж) түсу емтихандарын өткізу кезінде талапкерлердің мінез-құлық тәртібін белгілейді.

1.2. Талапкер осы Ережелерді сақтауға, қабылдау комиссиясы төрағасының, Колледж өкілдерінің, емтихан комиссиясы мүшелерінің және техникалық ұйымдастырушылардың талаптарын орындауға міндетті.

1.3. Түсу емтихандарына қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, емтихандарды өткізудің белгіленген тәртібін сақтау және тыйым салынған заттардың әкелінуіне жол бермеу мақсатында барлық талапкерлер емтихан өткізілетін ғимаратқа кірер кезде қол металл іздегіші арқылы тексеруден өтеді. Талапкер емтихан барысында аудиториядан шығып, қайта кірген жағдайда, қол металл іздегіші арқылы қосымша тексеру жүргізіледі.

1.4. Талапкердің тексеруден өтуден бас тартуы оны түсу емтиханына жібермеуге негіз болып табылады.

2. Емтихан өткізу кезінде тыйым салынады:

- Колледж өкілінің рұқсатынсыз аудиториядан шығуға;
- басқа талапкерлермен сөйлесуге, орын ауыстыруға;
- компьютерді қасақана әдейі өшіруге, қайта жүктеуге, жабдықты ажыратуға, бағдарламалық қамтамасыз етудің жұмысына араласуға немесе компьютерлік тестілеу жүйесінің жұмысының бұзылуына не емтихан нәтижелерінің жоғалуына әкелуі мүмкін өзге де әрекеттер жасауға;
- бөгде бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалануға;
- компьютердің жұмыс үстеліндегі басқа да терезелер арасында ауысуға;
- браузерде бөгде қойындыларды ашуға;
- шу шығаруға немесе емтиханның өткізілуіне өзге де жолмен кедергі келтіруге;
- ұялы телефондарды және кез келген байланыс құралдарын пайдалануға;
- қосымша көмекші құралдарды, оқу әдебиеттерін, жазбаларды, анықтамалық материалдарды және кез келген басқа көмекші материалдарды пайдалануға;
- вербалды емес байланыс орнатуға әрекет жасауға;
- аудиторияға тыйым салынған техникалық құрылғыларды алып кіруге.

3. Тыйым салынған заттар

Емтихан өткізілетін ғимаратқа және аудиторияға келесі заттарды алып кіруге тыйым салынады:

- ұялы телефондар;
- планшеттер, электрондық кітаптар;
- ноутбуктер;
- смарт-сағаттар, смарт-көзілдіріктер, фитнес-білезіктер;
- құлаққаптар (сымды және сымсыз), шағын құлаққаптар (микроқұлаққаптар);
- дыбыс жазу құрылғылары (диктофондар), бейнекамералар;
- модемдер, роутерлер, GPS-навигация құрылғылары және GPS-трекерлер;
- деректерді қашықтан тарату құрылғылары (GSM, 3G, 4G, 5G, Wi-Fi, Bluetooth және басқа да технологиялар);
- пейджерлер, рациялар, плеерлер;



**ПСИХОМЕТРИЯЛЫҚ ТЕСТІЛЕУ ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЕМТИХАН ТАПСЫРУ КЕЗІНДЕГІ
ТАЛАПКЕРЛЕРДІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

- қосымша көмекші құралдар, оқу-әдістемелік әдебиеттер;
- емтихан комиссиясы бермеген кез келген қағаз парақтары, жазбалар және акпараттын өзге де тасымалдағыштары.

4. Аудиториядан шығу тәртібі

- 4.1. Қажет болған жағдайда талапкер аудиториядан тек емтихан комиссиясы немесе қабылдау комиссиясы өкілінің рұқсатымен ғана шыға алады.
- 4.2. Аудиториядан шығуға бір мезгілде бір ғана талапкерге рұқсат етіледі. Шығу уақыты 5 (бес) минуттан аспауы тиіс.

5. Осы Ережелерді бұзғаны үшін жауапкершілік

- 5.1. Талапкерден тыйым салынған заттар табылған, байланыс құралдарын, қосымша көмекші құралдарды пайдаланған немесе осы Ережелердің өзге де талаптарын бұзған жағдайда тиісті акт жасалады.
- 5.2. Мұндай жағдайда талапкер аудиториядан шығарылады, түсу емтиханы нәтижелерінің күші жойылған деп танылады, ал талапкер түсу сынағынан өтпеген болып есептеледі.
- 5.3. Емтихан материалдарын басқа тұлғаларға беру, басқа талапкерлерге көмек көрсету, талапкердің орнына өзге адамның қатысуы немесе емтихан өткізудің белгіленген тәртібін бұзатын өзге де әрекеттер анықталған жағдайда, емтихан нәтижелерінің күші жойылған деп танылады, ал талапкер ағымдағы жылы өткізілетін түсу емтихандарына қатысу құқығынан айырылады.
- 5.4. Талапкер емтиханды аяқтаудан, тестілеу жүйесінен шығудан немесе тестілеуге бөлінген уақыт аяқталғаннан кейін аудиториядан кетуден бас тартқан жағдайда тиісті акт жасалады. Емтихан нәтижелерінің күші жойылған деп танылады, ал талапкер түсу емтиханынан өтпеген болып есептеледі.

6. Емтихан күні өзімен бірге болуы тиіс құжаттар

Түсу емтиханы өткізілетін күні талапкердің өзімен бірге мынадай құжаттары болуы тиіс:

- жеке басын куәландыратын құжат (16 жасқа толмаған тұлғалар үшін – туу туралы куәлік);
- шетел азаматтары үшін – шетел мемлекетінің паспорты немесе Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхат;
- қабылдау комиссиясы психометриялық тестілеу және арнаулы емтихан өткізілетін күні беретін 3×4 фотосуреті бар түсу емтиханына қатысуға арналған рұқсаттама.

7. Қорытынды ережелер

- 7.1. Түсу емтиханын тапсыруға кіріскен талапкер осы Ережелермен танысқанын және түсу сынақтарын өткізудің белгіленген тәртібін сақтауға міндеттелетінін растайды.

Қабылдау комиссиясының
жауапты хатшысы



Ш.Е. Каштаева